

## Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттарын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № 557 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 желтоқсанда № 25487 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2022 жылғы 18 тамыздағы № 33 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 18.08.2022 № 33 (11.09.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіpte:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаментіне (Ш.М. Әзірбаев) жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі

## **Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары (бұдан әрі – Мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Зан) 29-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғау органдарының (бұдан әрі – АҚО) қызметкерлерін кәсіби дамытудың жағдайларын, қызмет бойынша өсірудің жағдайлары мен өлшемшарттарын анықтайды.

2. Мансаптық өсу жүйесін кәсіби дамудың шарттары мен құралдары құрайды.

АҚО қызметкеріне сәйкес келуі қажет мансаптық өсу өлшемшарттары осы Мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттарының 9-тармағында көзделген.

3. Мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары келесі қағидаттарға негізделген:

1) әрбір АҚО қызметкерінің тізбектелген, жоспарлы және үздіксіз дамуы;

2) кәсіби дамудағы және қызмет бойынша өсірудегі мүмкіндіктер тенденция;

3) меритократия (барынша дайындалған кәсіби кадрларды басымдық өсіру) негізінде қызмет бойынша өсіру.

4. Осы Мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттары "азаматтық қорғау" арнаулы атағы берілген АҚО қызметкерлеріне қатысты қолданылады.

### **2-тaraу. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсу жүйесі**

5. АҚО қызметкерінің кәсіби дамуының шарты кәсіби даму жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) жасау болып табылады.

Жоспарды осы Мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшарттарына қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей басшының басқаруымен АҚО қызметкери жасайды.

Жоспарды жасау негізі лауазымға тағайындау және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 432 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24301 болып тіркелген) бекітілген Азаматтық қорғау органдарында кәсіби құзыреттерді, негізгі көрсеткіштерді және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістеріне (бұдан әрі – Қағидалар мен Әдістер) сәйкес айқындалатын тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікке жыл сайынғы бағалаудан өту болып табылады.

АҚО қызметкери лауазымға тағайындалғаннан кейін жоспар тағайындалған күннен бастап бір ай ішінде жасалады.

АҚО қызметкери тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікке бағалаудан өткеннен кейін Қағидалар мен Әдістерге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АҚО қызметкерінің тиімділігін бағалау парагы бекітілген күннен бастап жоспар бір ай ішінде жасалады.

Жоспар екі данада жасалады: бірінші дана АҚО қызметкери жеке ісінің материалдарына қоса тігіледі, екінші дана – АҚО қызметкеріне беріледі.

6. Кәсіби дамуды жоспарлауды жалпы бақылауды АҚО кадр қызметі жүзеге асырады.

7. АҚО қызметкерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігіне жыл сайынғы бағалау нәтижелері келесі кезеңге жоспар жасау үшін негіз болып табылады.

8. Кәсіби даму құралдарына: Заңның 36-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын тәртіппен кәсіби қызметтік және дene шынықтыру даярлығы бойынша сабактар, "Азаматтық қорғау қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 8 қыркүйектегі № 434 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24338 болып тіркелген) сәйкес кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан өту, жұмыс орнында өз бетінше біліктілігін арттыру жатады.

### **3-тaraу. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің мансаптық өсуі өлшемшарттары**

9. АҚО қызметкерінің мансаптық өсуі (қызмет бойынша өсіру) мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады:

1) жоғары тұрған лауазымның Заңның 29-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін біліктілік талаптарына сәйкестігі;

2) атқарып отырған лауазымында кәсіби даму жоспарын орындау;

3) соңғы жыл сайынғы тексеріс нәтижелері бойынша тиімділіктің жоғары деңгейі;

4) жоғары тұрған лауазымға орналасу үшін Қағидалар мен Әдістердің 4-тaraуына сәйкес айқындалатын қажетті бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші;

5) АҚО қызметкерінің жоғары тұрған лауазым үшін көзделген Қағидалар мен Әдістерге сәйкес айқындалатын кәсіби құзыреттер моделіне сәйкес келуі;

6) жоғары тұрған басшылық лауазымға ұсынылған кезде "Азаматтық қорғау органдарының кадр резервін қалыптастыру, кадр резервіне алынатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне алынған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмыс істей

"қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 386 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23995 болып тіркелген) кадр резервіне алынған АҚО қызметкерінің болуы.

Азаматтық қорғау органдары  
қызметкерлерінің мансаптық өсу  
жүйесі мен өлшемшарттарына  
қосымша

Нысан

БЕКІТЕМІН

(азаматтық қорғау органдың  
бөлімшесі тікелей басшысының  
лауазымы, атағы, тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болған  
жағдайда)

20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
(күні) (қолы)

Кәсіби даму жоспары \_\_\_\_\_ (   
қызметкердің лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

Жоспарлау кезеңі: 20 \_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
дейін

№	Іс-шараның атаяуы	Откізу мерзімдері	Аяқтау (есептіліктің ) нысаны	Күтілетін нәтижелер
Бастапқы іс-шаралар				
1	Лауазымға кіру жөніндегі іс-шаралар			
2	Практикалық қызметтегі кәсіби құзыреттерді бекіту жөніндегі іс-шаралар			
Негізгі іс-шаралар				
3	Кәсіби қызметтік және деңе шынықтыру даярлығы бойынша сабактар			
4	Біліктілікті арттырудан өту			
5	Тиімділік деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар			

6	Бәсекеге қабілеттілік денгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар			
7	Жұмыс орнында өз бетінше біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шаралар			
<b>Жоғары тұрған лауазымға кіру жөніндегі даярлық іс-шаралары</b>				
8	Жоғары тұрған лауазымның кәсіби құзыреттерінің үлгісін игеру жөніндегі іс-шаралар			

**Кесіби дамуға жататын  
азаматтық қорғау органдының қызметкери \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ (қолы) (қойылған қолды ашып көрсету)

Келісілді:

Азаматтық қорғау органды  
кадр қызметінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) (қойылған қолды ашып көрсету)

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_